

Республиканың медициналық мекемелері мен халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 21 мамыр 1993 ж. N 422. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Денсаулық сақтау ісін шынайы қаржыландырудың кемуі республиканың медициналық мекемелері мен халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің елеулі түрде нашарлауына әкеп соқтырды. Дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың қажеттілігі 30 процент, соның ішінде импорттық өнімдер жөнінде - 12 процент қанағаттандырылуда. Валюталық қаржы болмауы салдарынан 106 миллион АҚШ доллары мөлшерінде импорттық дәрі-дәрмек беріп тұруға арналып 1992 жылы жасалған контракт төленген жоқ. Республиканың фармацевтика өнеркәсібін құрудың қаржымен және ресурстармен нақты қамтамасыз етілген бағдарламасы жасалмаған. Дәрі-дәрмек шығаратын қолда бар кәсіпорындарды, цехтар мен жекелеген өндірістерді қайта құру үшін қаржы, соның ішінде валюталық қаржы б ө л і н б е г е н .

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым және жаңа технология министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, "Қазфармбиоөнеркәсіп" мемлекеттік концерні:

- Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібін дамыту концепциясын әзірлеуді 2 ай ішінде аяқтап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына табыс етсін;

- 1993 жылдың аяғына дейін фармацевтика өнеркәсібін дамытудың республикалық бағдарламасын әзірлеп, бекітсін;

- үстіміздегі жылдың бірінші жартысы ішінде дайын дәрі-дәрмектік нысандар, инфузиялық сұйықтар мен вакциналар өндіру зауыттарын толық дайын етіп салу туралы мәселені қарастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу үшін қаржыны басымырақ бөлуді көздеп, осы мақсатқа бөлінетін валюта мөлшерін 1993 жылы 100 млн. АҚШ долларына дейін а р т т ы р с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1992 жылы дәрі-дәрмек сатып алу үшін шетел фирмаларымен жасалған контракттың қалған бөлігін төлеу және 1993 жылы дәрі-дәрмек құралдарына деген қажетті қамтамасыз ету үшін Денсаулық сақтау министрлігіне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 қаңтардағы N 66 және 1993 жылғы 16 ақпандағы N 118 (7-тармақ) қаулыларымен белгіленген 10 проценттік резерв есебіне тауар-шикізат ресурстарын бөлсін.

(4 - т а р м а қ) < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚРМК-нің 1994.11.02. N 1219 қаулысымен .

5. Дәрі-дәрмектік өнім сатып алу үшін "Фармация" республикалық өндіріс бірлестігіне 25 проценттік жылдықпен 8 млрд. сом кредит бөлу мәселесін қарау Қазақстан Республикасының ұлттық банкінен сұралсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1993 жылы Қазақстан Республикасының Экономиканы өзгерту қорынан медицина және фармацевтика өнеркәсібінің жаңа кәсіпорындарын салып, жұмыс істеп тұрғандарын қайта құру үшін 2 млрд. сом бөлуді көздейтін болсын.

7. Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне:

"1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының дәрілік өнімдер сатып алу үшін бөлінетін қаражат мөлшерін ұлғайтуға қатысты бөлігіне өзгеріс енгізу туралы;

< * >

Ескерту. 7-тармақтың үшінші абзацының күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен .

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қаржы министрлігі медицина мекемелері мен фармацевтика өнеркәсібінің электр және жылу энергиясына, коммуналдық қызметке жұмсайтын шығынына дотация беру туралы мәселені қарастырсын.

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі құрамына Дәрі-дәрмек пен медицина техникасы бұйымдарының сапасын бақылау мен стандарттау жөніндегі бас басқарма құрылып, тиісті еңбекақы қоры бар 14 адамдық қосымша штат берілсін.

10. Облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары республика халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі дағдарысты жағдайды ескеріп:

дәрі-дәрмек сатып алу үшін қажетті қаржы, оның ішінде валюталық қаржы бөліп отырсын ;

денсаулық сақтау органдарымен бірлесіп, халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ісін қолдау қорын құру мүмкіндігі туралы мәселені қарастырсын

11. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Республика халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 13 наурыздағы N 234 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 11, 190-бап) 7-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК